



«АЛМАТЫ-2050» ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР, ҚҰРМЕТТІ АЛМАТЫЛЫҚТАР!

Сіздердің назарларыңызға «Алматы-2050» стратегиясының жобасын ұсынамыз. Онда біздің сүйікті қаламыздың ұзақ мерзімді дамуының көрінісі мен басты бағдарлары қамтылған.

Мүқият оқып, түсініктеме берулеріңізді сұраймыз. Сіздердің барлық сындарлы ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды біз 2019 жылдың желтоқсанында қалалық урбанистік форумда ұсынылатын құжаттың түпкілікті нұсқасында ескереміз.

Бакытжан САҒЫНТАЕВ,
Алматы қаласының әкімі.

БҮГІНГІ АЛМАТЫ

Бүгінгі таңда Алматы – іскерлік астана, ұлттық экономикаға үлес қосу, бюджетке түсетін түсімдер, қаржылық белсенділік және сауда операциялары көрсеткіштері бойынша көш бастап келе жатқан ел экономикасының ірі қаласы мен локомотиві.

Бұл — жеке капитал мен кәсіпкерлік қаласы. Шағын және орта бизнес жұмыспен қамтылғандардың 2/3-ін жұмыспен қамтып отыр және салықтың 63%-ын әкеледі. Бизнесі жүргізу жеңілдігі бойынша қала елімізде 1-ші орын алады.

Дүниежүзілік Банктің Doing Business жаһандық рейтингінде Қазақстанның орны Алматы бойынша анықталады және 10 жыл ішінде біздің ел 190 мемлекеттің ішінде 63-тен 25-орынға көтерілді.

Алматы өңірлік маңызы арта отырып, жылдам үлкейіп келеді. 10 жыл ішінде қала аумағы 2 есеге өсті, ал қалалықтардың саны — 1,9 млн. адамға дейін артты. Үлкен Алматы халқы, яғни Алматы облысының іргелес жатқан аудандарымен бірге есепке алғанда, қала халқы қазіргі таңда шамамен 3 млн. адамды құрайды.

Жаһандық ауқымда Алматы әлемдік экономиканың 60%-ын құрайтын 600 мегаполистер қатарына енді.

Қала тарихи тұрғыдан Ұлы Жібек жолының бір бөлігі болды, ал қазір Қытай мен Еуропаны транзиттік дәліздермен қосатын «Бір белдеу — бір жол» бастамасы бойынша негізгі көліктік-логистикалық тораптардың бірі болып табылады.

Аймақ бойынша жүк ағыны Үлкен Алматы Айналма Автомобиль Жолын (ҰАААЖ) және Жетіген — Қазыбек би айналма темір жолы салумен өсуі тиіс. Бұл әлемдік саудаға тарту және тауарларды жеткізуге, қайта өңдеуге, сақтауға және сатуға байланысты бизнесті дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашалады.

Алматы — әлемге биік тауларымен, табиғи-климаттық әртүрлілігімен және туристік қызығушылықтың бірегей нысандарының болуымен қызықты.

2018 жылы Қазақстанға сапарлап келген 831 мың шетелдік қонақтың 365 мыңы Алматыға келді. Оларды биіктігі 4 мың метрден асатын шындары бар тау алаптары, сирек кездесетін флорасы мен фаунасы бар табиғи бақтар, сак қорғандарынан

кенестік модернизм ғимараттарына дейінгі тарих және сәулет ескерткіштері, тау шаңғысы курорттары және қала маңындағы казиноны қоса алғанда, демалуға арналған басқа да мүмкіндіктер қызықтырады.

Осының нәтижесінде Алматыда қонақжайлық индустриясы белсенді дамуда. Қонақүйлер мен басқа да орналастыру орындарының саны 10 жыл ішінде 107-ден 286-ға дейін өсті.


Тарихи рөлі мен экономикалық жетістіктерінің арқасында Алматыда айтарлықтай жоғары өмір сүру деңгейі қамтамасыз етілген.

Жалпы өңірлік өнім 2018 жылы 12,1 трлн. теңгеден асып түсті. Бұл қаланың бір тұрғынына шаққанда 6,6 млн.-нан астам теңге (яғни еліміз бойынша Атырау облысынан кейін — екінші орын) деген сөз.

Алматылықтардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы 10 жыл ішінде 4 жылға өсіп, 75,5 жасқа жетті. Бұл көрсеткіш бойынша Алматы тек Нұр-Сұлтан қаласына ғана жол береді.

Бала өлімі 10 жылда 2 есеге, ана өлімі 3,5 есеге азайды. Адам капиталы — Алматының басты активі, бұл оның болашақ жетістігінің кепілі болуы тиіс.

Алматы — зияткерлік әлеует қаласы. Алматы тұрғындарының 46%-ы 30 жастан кіші. Оның 215 мыңы — қаладағы 41 ЖОО мен 78 колледжде оқитын студенттер. QS World University Ranking 2020 нұсқасы бойынша әлемнің 1000 үздік университеті қатарына кіретін 10 ЖОО-ның алтауы Алматыда орналасқан. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көш бастап, 207-орында тұр.



Елдегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық өзіндік әзірлемелермен айналысатын 384 ұйымның 135-і Алматыда орналасқан. Мұнда ақпараттық-коммуникациялық технологияларға, электроника мен аспап жасауға, жанартылатын энергия көздеріне, жаңа материалдар жасауға маманданған «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді. Цифрлық технологияларды енгізу қаланы дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашалады.

Алматыда Қазақстанның шығармашылық интеллигенциясы шоғырланған және 8 мыңға жуық жарнама, сәулет, дизайн, бағдарламалау, сән, театр, кино, музыка және басқа да креативті индустрия кәсіпорындары жұмыс істейді.

Осыған сүйене отырып, Алматы бүкіл Орталық Азия өңірінің креативті экономикасы мен инновациялық өндірісінің орталығына айналуының барлық мүмкіндіктеріне ие.

«АЛМАТЫ-2050» ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР

Дамып келе жатқан көптеген басқа мегаполистер сияқты Алматы қаласы да: орталық пен шет аудандардың әрқилы дамуы және өмір сүру деңгейіндегі алшақтық; көші-қон қысымы мен инфрақұрылымның шамадан тыс жүктелуімен бақыланбайтын урбанизация; әлеуметтік теңсіздік; қоғамдық қауіпсіздік қатерлері; қоршаған ортаның ластануы; ресурстардың жетіспеуі; экономикалық өсімнің баяулауы; жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуы сынды заманның сын-тегеуріндерімен бетпе-бет келуде.



Жеткіліксіз дамыған қалалық орта, қала орталығы мен шеттері арасындағы өмір сүру деңгейіндегі алшақтық

Қаланың кеңістіктік дамуы қала құрылысы саясатындағы жеткіліксіз тиімді жоспарлау шешімдерімен және әлсіз реттеумен байланысты бірқатар кемшіліктерге ие. Қала соңғы онжылдықта аумақтардың қосылуымен қатар көші-қон ағымының халықтың қарқынды өсуіне дайын емес болып шықты.

Қаланың инфрақұрылымы асыра жүктелген. 2012 жылдан бастап тұрғын үй қорын көрізбен қамту көрсеткіші 99%-дан 79%-ға дейін, орталық жылумен және ыстық сумен қамту көрсеткіші 81%-дан 59%-ға дейін төмендеді. Қаланың орталық бөлігі шет аудандармен және Райымбек даңғылының солтүстігіне қарай «төменгі» бөлігіндегі аудандармен салыстырғанда әлдеқайда дамып кеткен. «Жоғарғы» аудандарда білім беру нысандарының 60%-ы, 19 театрдың 17-сі, 33 мұражайдың 31-і, қаланың 18 саябағының 13-і шоғырланған.

Алматының шетіндегі 23 шағынауданда (қала үйлерінің 2,5%) орталық сумен жабдықтау жоқ, көшелердің 30%-ы жарықтандырылмаған. Бүгінгі күні қаланың жоғарғы бөлігіндегі орталық аудандар шеткі аудандарға қарағанда әлеуметтік игіліктермен анағұрлым жақсы қамтамасыз етілген. Орталықта білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, қоғамдық кеңістіктер нысандары шоғырланған. Мегаполис орталығы мен шет аудандарының дамуындағы алшақтық маятникті көші-қонның және жолдардағы кептелістің негізгі себебі болып табылады.

Қалалық көлік дамуының қаланың қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі


2016 жылғы зерттеу мәліметтері бойынша, қала тұрғындарының жалпы қозғалу көлемінде 19% – жаяу, 1% – велосипелде, 39% – қоғамдық көлікте, 41% – жеке көліктерде (басқалардан көп) жүзеге асырылған.

Алматыда күн сайын, метроны қоса алғанда, қоғамдық көлікте 1,2 млн. тасымал жасалады. Салыстыру үшін, Мәскеуде қоғамдық көлікте 12 есе артық тасымал жасалады, ал ондағы тұрғындар саны Алматы қаласынан 6,8 есе артық.

Автомобильдердің шамадан тыс көп болуы ауаның ластану деңгейін арттыруға және кептелістің туындауына алып келеді.

Көліктің көбеюіне жанармай бағасының орта деңгейде болуы, жолайықтарын салу нәтижесінде жол инфрақұрылымының кенеюі, сондай-ақ, қоғамдық көліктің қанағаттанарлықсыз жұмысы ықпал етті.

Қаладағы күрделі экологиялық жағдай, сондай-ақ, қала бойынша қарбалас уақытта жүріп-туру қиындықты жағдайында азаматтарды қоғамдық немесе велоскоптің пайдалануына жеке көліктен бас тартуға ынталандыратын шараларды қолдану қажет.



Ескіріп келе жатқан инфрақұрылым

Қаланың инженерлік желілерінің ұзындығы (газбен, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және көріз) 18 мың шақырымнан асады.


Қаладағы су құбыры, көріз және жылумен жабдықтау желілерінің 60%-дан астамы тозған.

Көптеген құбырлардың нормативтік қызмет ету мерзімі 20 жылдан 40 жылға дейін, яғни жыл сайын олардың кем дегенде 2,5%-ы ауыстыруды немесе жөндеуді талап етеді.

Нақты алғанда жыл сайын инженерлік желілердің көп дегенде 2%-ы жаңартылады.

Ауыстыру және жөндеу қарқынының тозу қарқынынан артта қалып келе жатқаны байқалады.

Желілердегі шығын деңгейі көптеген қалаларға қарағанда жоғары.



Күрделі экологиялық жағдай


Жыл сайын қала аумағында 122 мың тоннадан астам зиянды заттар шығарылады. Шығарындылардың 65%-ы көлікте тиесілі. Бұл 500 мыңнан астам қала көлігі және тағы 200 мыңға жуық қалаға сырттан келетін көліктер. Шығарындылардың 27%-ын (жылына 34 мың т.) ЖЭЦ-2 шығарады, ол күлі көп көмірді жағды және қаланың 25%-дан астамын жылумен қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, қаланың өзе бассейнін көмірмен жылытылатын жеке тұрғын үйлерді қоса алғанда, қала маңындағы зиянды қалдық көздері ластайды.

Кейбір ластағыштардың шоғырлануы нормадан бірнеше есе асады. Бір қала тұрғынына шаққанда абаттандырылған көгалдандыру көлемі – 8,2 м². Осы көрсеткіш бойынша біз бірқатар қалалардан айтарлықтай артта қалып отырмыз. Қалада 2,23 млн. ағаштың тек 1,68 млн.-ының ғана өсімі жақсы деп танылды, ал 25%-ы апатты жағдайда және өлсіреген күйде.



«АЛМАТЫ-2050» ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



Ресурстардың шектеулілігі

Қала мен агломерацияның өсуі табиғи (су және басқа да табиғи активтер), сондай-ақ, материалдық-қаржылық ресурстарға үлкен жүктеме жасайды. Жандық жылыну өзендерді және жерасты резервуарларын сумен қоректендіретін мұздықтардың тез еруіне алып келе жатыр.

Көші-қон ағыны және урбанизация дағдарысы

30 жыл бұрын алматылықтардың саны 1 млн.-нан сәл артық болды. Бүгінде, тіркелмеген халықты ескергенде, қалада тұрып жатқандар саны 2 млн.-нан артық алама жуықтайды. Мысалы, емханаларға қалада тіркеуі бар адам санынан 116 мыңға артық адам тіркелген. Ағымдағы өсу қарқыны сақталғанда, өмір сүру ұзақтығын арттыруды ескере отырып, 2030 жылға қарай қала тұрғындарының саны 2,8-3 млн.-ға жетуі мүмкін.

Халықтың жыл сайынғы өсімінің 60%-ын көші-қон береді. Қала тұрғындарының бақылаусыз өсуі қаланың әлеуметтік нысандарына, жолдарына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына артық жүктеме туғызады.

Есеп бойынша алматылықтардың 80%-дан астамы ипотекаға тұрғын үй ала алмайды, сондықтан жалдамалы тұрғын үйде тұруға немесе арзан жеке тұрғын үй салуға/сатып алуға мәжбүр. Соңғы 6 жылда Алматыдағы көпөтерлі үйлердің саны 13%-ға, ал жеке тұрғын үй саны 2 еседен астам өсті.

Қаланың ұлғаюымен және инфрақұрылымға кететін шығындардың өсуіне байланысты бақылауға келмейтін субурбанизация төуекелі артады.




Өсіп келе жатқан әлеуметтік теңсіздік, халықтың бір бөлігінің кедейлену және маргиналдану төуекелдері

Алматылықтар табысының өсуі бағанын өсуінен артта қалып отыр. 2012 жылдан бастап қала тұрғындарының орташа нақты жалақысы 3,7%-ға төмендеді. Табыс деңгейіндегі алшақтық өсуде – егер 2012 жылы ең бай алматылықтардың 10%-ы ең кедейлердің 10%-нан орта есеппен 4,9 есе артық табыс тапса, енді айырмашылық 6,6-ға жетті.

Қала аудандары арасындағы сөйкессіздік айқын көрінеді. Медеу ауданындағы орташа жалақы Наурызбай ауданына қарағанда 2 есе жоғары.

Мұның бәрі қаладағы әлеуметтік шиеленістің өсуіне және криминалдық жағдайдың нашарлауына алып келеді.



Қауіпсіздікке төнген қатер

Алматыда ел халқының 10%-ы тұрады, бірақ қылмыстың 21%-дан астамы жасалады. Еліміздегі барлық жол-көлік оқиғаларының 30%-ы қалада орын алады, ал зардап шеккендердің саны жалпы елдік көрсеткіштің төрттен біріне жетеді. Жер сілкінісі, көшкін, сел, өрт және өзге де төтенше жағдайлар қаупі бар. Мұның бәрі туристердің қалаға келуіне, тұруына, жұмыс істеуіне, қаланың тартымдылығына теріс әсер етуі мүмкін.



Адам капиталының ыдырауы

Көптеген дарынды, білімді және табысты қала тұрғындары қаладан (елден) кетіп жатыр немесе тарихи отанына қайту үшін, сапалы білім алу үшін, өз қабілеттерін пайдаланып, жоғары табыс табу үшін де осындай қаламға баруға дайын.

Дарындылардың орнына көбінесе Қазақстан Республикасының облыстарынан немесе Орталық Азия өңірінен басқа да елдерінен білімі және біліктілігі төмен адамдар келуде.



Экономикалық өсудің баяулауы


Қала экономикасы халықтың көбеюі нәтижесінде экстенсивті түрде өсуде. 2018 жылы қаланың ЖӨӨ халықтың көбеюі деңгейінде нақты тек 3%-ға ғана өсті.

Бұл ретте экономиканың жеңілдеуі байқалды. Жалпы өнімдік өнімдегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың және қаржылық, кәсіби, ғылыми, техникалық қызметтің үлесі 2014 жылғы 21,6%-дан 20,1%-ға дейін қысқарды, ал сауда үлесі 33,5%-дан 36,4%-ға дейін өсті.

Алматыда саудада жұмыспен қамтылғандардың үлесі неғұрлым дамыған қалаларға қарағанда едәуір жоғары, ал өнер, ойын-сауық, демалыс, туризм саласындағы жұмыспен қамтылғандар – төмен.

Алматы жан басына шаққандағы ЖӨӨ деңгейі бойынша дамыған елдердің салыстырмалы қалаларынан айтарлықтай артта қалып отыр.

Еңбек өнімділігін арттырмаса, Алматы елдегі өзінің жетекші экономикалық позициясынан айырылып қалуы мүмкін.



«АЛМАТЫ-2050» ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Жаһандық экономиканың құрылымдық өзгерістері, артып келе жатқан әлемдік және өңірлік бәсекелестік

Технологиялар қарқынды дамып, әлемдік экономикалық тәртіпті өзгертуде. Е-коммерция АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде сауда нүктелерінің жабылуына алып келіп отыр. Роботтар мен жасанды интеллект адамды көптеген қызмет салаларынан — автомобиль жасаудан бастап колл-орталықтарға дейін ығыстырып отыр. Көптеген мамандықтар өзектілігін жоғалтып жатыр. Дүниежүзілік экономикалық форумның болжамы бойынша, қазіргі бірінші сынып оқушыларының 65%-ы әлі жоқ мамандықтар бойынша жұмыс істейтін болады.

Болашақ — шығармашылық мамандықтарда. Дегенмен, елдегі білім беру сапасы уақыт талаптарына сәйкес келмейді.

Алматыда шоғырлануына қарамастан, қаладағы кәсіпорындардың жалпы санынан креативті индустриялар үлесі тек 6,3%-ды құрайды. Салыстыру үшін, 2016 ж. Лондонда осындай кәсіпорындардың үлесі 19,1%-ды құрады. Өзгерістерге неғұрлым дайындалған аймақ пен әлемнің басқа мегаполистері аясында Алматының бәсекеге қабілеттілігін жоғалту тәуекелі артып келеді.

Алматы өзінің қаржылық қызметтер сияқты дәстүрлі күшті саласында көптеген өңірлік бәсекелестерден айтарлықтай артта қалады.

GFCI қаржы орталықтарының нағандық рейтингіндегі Алматы позициясының динамикасы



ҚАЛАНЫҢ ДАМУЫН ЖЕТЕЛЕУ

Қаланың мәдениеттер және өркениеттер тоғысындағы тарихи орнын, оның алдында тұрған сын-тегеуріндерді, сондай-ақ, оның күшті жақтары мен әлеуетін ескере отырып, Алматының 2050 жылғы көрінісі айқындалған.

Бұл жеті негізгі басымдық — стратегиялық бағдарлардан құралған Алматы болашағының жиынтықталған бейнесі.



Шет аймағы жоқ қала

Алматы жайлы «жоғарғы», өнеркәсіптік «төменгі» және дамымаған шет аудандарға бөлетін физикалық, әлеуметтік және менталдық кедергілерсіз қала болады.

Әрбір ауданда өзінің бірегей сипаттамалары мен күнделікті қажетті әлеуметтік қызметтердің барлық жиынтығы болуы үшін қала көп орталықты болып дамытын болады.

Құрылыс, тұрғын үйлер, кеңселер, дүкендер, балабақшалар, саябақтар қолжетімді болуы үшін жинақ жүргізілетін болады.

Шағын құрылыс салудың мұндай аудандары транзиттік-бағдарланған даму қағидаты бойынша, яғни көлік инфрақұрылымына ыңғайлы қол жеткізе отырып, қалыптастырылатын болады.

Дамыған және ойландырылған қоғамдық көлік желісі аудандарды өзара байланыстырады, жолдардағы кептелістен арылтады және әркімге өзін бірінші қалалық кеңістіктің бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Қаланың кез-келген бөлігінде өмір сүру және еңбек ету ыңғайлы болады — жұмысқа жету, сапалы медициналық қызмет алу немесе балаларды жақсы мектепке апару үшін қаланың бір шетінен екінші шетіне жүрудің қажеті болмайды.

«Ақылды» қала

Болашақ Алматы ең үздік smart-тәжірибелерді, ақылды болжауды, белсенді жоспарлау мен тіршілік әрекетінің барлық салаларында: қалалық кеңістіктерді салу мен дамытуда, қоршаған ортаны қорғауда, көлікте, қауіпсіздікте, денсаулық сақтауда, білім беруінде, мемлекеттік қызметтерде басқаруды қолданатын «ақылды» қала болады.

Ол үшін бірінші ақпараттық эхожүйе құрылатын болады. Онда барлық мүмкін датчиктер, камералар, желілер, деректер қоймасы және басқа да «ақылды» құрылғылар бір-бірімен «қаланың орталық жүйе жүйесі» — Big Data Алматы-мен байланысты болады.

Бұл жүйе ауа райының өзгеруін, экологиялық жағдайды, қалалық инженерлік және жол-көлік инфрақұрылымының жай-күйін, көшелер мен қалалық нысандардағы жағдайды және жасанды интеллект арқылы қалалық инфрақұрылымды автоматты түрде басқару үшін қаланың «денсаулығын» көптеген басқа да параметрлерін қалағалайтын, сондай-ақ, кез-келген түйіндайтын қауіп-қатерлер туралы дереу ескертетін және қаланың дамуын сауатты реттеуге көмектесетін болады.

Тең мүмкіндіктер қаласы

Алматы — әр тұрғын өзінің «Алматы арманын» жүзеге асыра алатын, барлығына тең мүмкіндіктер беретін инклюзивтік қала болады.

Кез-келген белсенді қала тұрғыны қолжетімді баспана алу және базалық қызмет көрсету мүмкіндігіне ие болады.

Дамыған әлеуметтік жүйе өмірлік қиын жағдайға тап болған кез-келген адамды қорғайды.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдар барлық қалалық әлеуметтік игіліктерге еркін және қауіпсіз қол жеткізе алатын болады.

Қоғамдық диалог пен ашықтық халық пен биліктің өзара іс-қимылы кезіндегі басты қағидаттарға айналады.

Тұрғындар қала өміріне, бюджет қаражатын бөлуге және қалалық жобаларды басқаруға белсене қатысады.



Қауіпсіз қала

Алматы — қала тұрғындары мен қонақтары өздерін кез-келген ауданда және кез-келген уақытта қауіпсіз сезіне алатын, ал ата-аналар балаларды жағалық мектепке немесе достарымен серуендеуге жібере алатын, қылмыс пен төтенше жағдайлар қаупі төмен қала болады.

Барлық көшелер, аулалар, саябақтар және басқа да қоғамдық орындар тәуліктің қаранғы уақытында жарықтандырылады.

Жол-көлік және инженерлік инфрақұрылым азаматтардың өмірі мен әл-ауқаты үшін қауіпті төмендететіндей жобаланып, салынып, пайдаланылатын болады.

Ғимараттар мен құрылыстар сейсмикалық төзімді құрылыс пен қауіпсіздіктің ең озық нормалары мен технологияларын сақтай отырып салынып отырады.

Төтенше жағдай мониторингі, талдау және ескерту бойынша заманауи технологияларды қолдану, сондай-ақ азаматтарды даярлау табиғи және техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайтуға қамтамасыз етеді.

Азаматтық жауапкершілікті, құқықбұзушылыққа нөлдiк төзімділікті арттыру да қоғамдық қауіпсіздікті күшейтуге ықпал ететін болады.



Жасыл қала

Алматы — бау-бақша, жасыл, күтілген, өдемі, кең саябақтар, кең жаяу жүргіншілер көшелері, жайлы бульварлар мен аллеялары бар қала болады. Биік, шашыранқы ағаштар ауаны оттегімен толықтырып, жазғы ыстықта салқын сыйлайтын болады.

Бұл жылдың кез-келген уақытында жеңіл тыныс алуға болатын таза қала болады.

Бензин және дизельді отынмен жүретін автокөліктердің орнына алматылықтардың сүйікті көлік түрлері троллейбустар, жүрдек трамвай және метро болады. Көптеген қала тұрғындары жаяу және велосипедпен бүкіл қала аумағына созылатын үздіксіз қауіпсіз бағыттар бойынша жүруді жөн көреді.

Жылу және электр энергиясы нөлдiк шығарындылар мен жанартылатын көздерді барынша пайдалану арқылы өндірілетін болады. Энергия тиімді нысандарды жобалаудың, салудың және пайдаланудың жаңа технологиялары есебінен энергияны тұтыну барынша азайтылатын болады.

Қала өзендеріне олардың табиғи жаратылысы қайтарылатын болады. Олар Іле Алатауының қар тауларына даламен байланыстыратын сулы-жасыл дәліз болады, олардың бойымен қала тұрғындары мен туристер жүретін, сондай-ақ жануарлар мен құстар қоныс аудартатын болады. Өткен ғасырдағы сияқты балалар өзендерде шомылып, арықтар арқылы қағаз кеме жібере алатын болады.

Жаһандық іскерлік орталық

Алматы — инвестицияларды қолдау мен қорғауды қамтамасыз ететін капитал нарығы дамыған жаңа Жібек жолының орталығындағы халықаралық сауда мен қаржының жаһандық іскерлік орталығы болады.

Қала халықаралық қаржы ұйымдары мен даму институттарының, транс ұлттық корпорациялардың штаб-пәтерлері мен орталық кеңселерін орналастырудың қалауы орны болады.

«АЛМАТЫ-2050» ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту

Алматыда бизнесті, университеттерді және IT-мамандарды біріктіретін инновациялардың экожүйесі құрылатын болады.

Университеттердің айналасында орналасқан IT-компаниялар мен стартаптар АКТ білім беру кластерін қалыптастырады.

IT-жобаларды әзірлеу және пилоттық тестілеу үшін зертханалар, деректерді өңдеу орталықтарын, 5G және одан жоғары буындағы деректерді тарататын жоғары жылдамдықты желілер, коворкингтерді қоса алғанда, АКТ инфрақұрылымы дамыған инновациялық дистрикт қалыптастырылады.


Стартаптер үшін Big Data-ға ашық немесе жеңілдетілген қолжетімділік ұсынылады. Шағын IT-компаниялардың дамуына ықпал ететін акселераторлар желісі құрылатын болады.

Жобаларды коммерцияландыру үшін арнайы салық салу шарттары мен басқа да артықшылықтары бар урбанистік инновациялық парк құрылатын болады.

«Заттар интернетін» дамыту үшін көпшілік қолжетімді инфрақұрылым құрылады.

Бұл іс-шараларды іске асыру АКТ саласындағы жұмыс орындарының санын 2050 жылы 127 мыңға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

АКТ секторындағы жұмыспен қамтудың өзгеру болжамы



МАҚСАТ-2050:

АКТ саласында жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар санының өсуі – 10 еседен кем емес

Креативті экономиканы дамыту

Креативті экономика – бұл мәдени, көркем және инновациялық өнімдер мен қызметтерді жасайтын жеке тұлғалар мен бизнестің жиынтығы. Бұл жүйе сондай-ақ, жасушылар өз жұмыстарын еркін ұсына алатын, пікірлер алатын және идеялармен алмасатын кеністікті қамтиды.

Алматының негізгі креативті индустриялары: музыка, әдебиет, театр, опера және балет, сән, кино және анимация, жана медиа және сандық мәдениет, қазіргі заманғы өнер, ойын-сауық индустриясы, сәулет және дизайн, ойындар мен киберспорт, жарнама болады.

Мәдени мұраның бір бөлігі ретінде өнер мен колөнердің дәстүрлі түрлері назардан тыс қалмайды.

Әлемдік трендтерді ескере отырып, прогрессивті шығармашылық мәдениетті қалыптастыру үшін қалалық мәдени кеністіктерді (кітапханалар, мұражайлар, театрлар және т.б.) толық қайта жүктеу жүргізілетін болады. Олар аудандардың зияткерлік-мәдени дамуының драйверлеріне айналады.

Дарынды жастарды тарту үшін шығармашылық кеністіктер мен құралдардың жеңілдікті жағдайларында қолжетімділігі қамтамасыз етілетін болады.

Креативті кварталдар мен инновациялық технопарктер құрылатын болады. Олар әлеуметтік нетворкинг және коғамның мәдени құрылымын дамыту үшін қалалық алаңдар болады.

Almaty Gallery сияқты халықаралық шығармашылық хабтар құрылады.


Креативті хабтар базасында гибриді мамандықтарға оқытатын Алматы Жоғары Мектебі құрылады.

Балалар аудиториясына ерекше көңіл бөлінеді, олар шығармашылық үйірмелер мен секцияларға шексіз қолжетімділікке ие болады.

Креативті кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін зияткерлік меншікті басқару мәселелерінде құзыреттерді арттыру жөніндегі шаралар іске асырылатын болады. Өсіп келе жатқан арт-нарықты реттейтін шығармашылық қызметтің нормалары мен ережелері әзірленетін болады.

Жергілікті таланттарды қолдау мен оларды жаһандық алаңдарда ілгерілеткені үшін бизнеске преференциялар ұсынылатын болады.

Осы шаралардың нәтижесінде креативті экономика саласында жұмыспен қамту деңгейі 2050 жылы 85 мың жұмыс орнына дейін артады деп күтілуде.



МАҚСАТ-2050:

Креативті индустрия кәсіпорындарының үлесі-кемінде 12%

ЖӨӨ-дегі ҒЗТҚК-ға арналған ішкі шығындар үлесі-5%

Туризмді дамыту

Алматы Орталық Азия кеністігіндегі іскерлік және оқиғалық туризмнің маңызды орталығы, халықаралық коммуникациялар хабы болады. Саланың осы драйвері іскерлік туризм индустриясы (MICE), экологиялық, медициналық, спорттық және ойын-сауық туризмі болады.

Асқар және бірегей таулар, флораның, фаунаының және климаттық жағдайлардың алуан түрлілігі, айқын көрінген маусымдық мұнда бүкіл әлемнен табиғат әуесқойларын тартатын болады. Туристік брендтердің бірі «Алматы күзі» болады.

Халықаралық туристік дестинация ретінде Алматыға деген қызығушылықты арттыру үшін бірінші кезекте туристік нысандарға қол жеткізу мәселелері шешілетін болады. Қала мен маңайда сапалы инфрақұрылымның болуы қамтамасыз етіледі: туристік жолдар, сервис нысандары жайластырылады.


Туристік нысандар, қызмет көрсетушілер және туоператорлар, турагенттер арасындағы үйлесім және тиімді өзара іс-қимыл қамтамасыз етілетін болады.

Жергілікті туристік дестинациялар мен рекреациялық нысандарды дамыту жоспарлары әзірленетін болады.

МАҚСАТ-2050:

Туристер саны – жылына 7 млн. кем емес

Туру және талмаңтуу бойынша қызметтер секторындағы жұмыспен қамтудың өзгеру болжамы



Логистика және дистрибуция саласын дамыту

Алматы Жаңа Жібек жолының дамыған ірі сауда-логистикалық хабы болады.

Ірі әлемдік көлік-логистикалық компанияларды, сондай-ақ, онлайн-ритейлерді тарту үшін тартымды жағдайлар жасалатын болады.

Тауарларды сақтаудың, тапсырыстарды қабылдаудың және төлеудің және жеткізудің инновациялық әдістері – автоматтандырылған қоймалар, ұшқышсыз жүк машиналары, дрондар енгізілетін болады.

Электрондық коммерцияның одан әрі өсуін ескере отырып, қолданыстағы логистикалық кластерлер ірілендірілетін болады.


Алматының логистикалық әлеуеті іргелес аумақтармен бірге іске асырылатын болады.

Алматының солтүстігінде, Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы, Алматы – Қашағай жүрдек трассасы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай авто және темір жол магистральдарының түйіскен жерінде Қорғас «күрғақ порты» және «Бір белдеу – бір жол» көлік дәлізінің мүмкіндіктерін пайдаланатын ірі мультимодальды көлік-логистикалық тарту орталығы салынатын болады.

Жүк әуетасымалдары жүйесін дамыту үшін жана әуежай салу мүмкіндігі қаралатын болады.

Логистика және дистрибуция саласында жұмыспен қамту 2050 жылы 151 мың жұмыс орнын құрауы мүмкін деп күтілуде.

Логистика және дистрибуция секторындағы жұмыспен қамтудың өзгеру болжамы



Қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру

Алматы инвесторлар үшін ең жақсы бизнес-шарттары бар, өмір мен жұмыс үшін ең тартымды орындардың бірі болады.

Ең жақсы инфрақұрылымы – инновациялық дистрикттер, стартап-алаңдар, бизнес-инкубаторлар, коворкингтер бар кәсіпкерліктің экожүйесі құрылатын болады.

Тауарлар мен қызметтерді өткізудің тұрақты нарығы және ашықтық қағидаларында барлық қатысушылар арасында ұзақ мерзімді қатынастар жүйесі құрылатын болады.

Ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік – жекеменшік әріптестіктің инвестициялық жоспары әзірленетін болады.

Инновациялық қызметті ынталандыру үшін салықтық преференциялар, жер учаскелерін жалдау бойынша жеңілдіктер және басым инвестициялық жобаларды қолдаудың басқа да шаралары қолданылатын болады.

Экономикалық қызметтің ерекше шарттары бар аймақтар өнімділік пен инновацияның өсу драйверлері болады.

Мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа ауыстыру есебінен әкімшілік келергілер барынша азайтылатын болады.

МАҚСАТ-2050:

Doing Business қосалқы ұлттық рейтингінде 1-ші позицияны сақтау

ҚАЛАНЫ БАСҚАРУ

Қаланы тиімді басқару

Қала ресурстарды ақылға қонымды пайдалана отырып және ең аз шығынмен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе отырып, қоғамдық үмітті жоғары нәтижелілікпен, тиімділікпен қанағаттандыратын болады.

Қалалық жоспарлаудың сапасын арттыру «ақылды» қала технологияларын пайдалана отырып, онтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін деректерге ашық қол жеткізу және ашықтық есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Алматы агломерациясының өзегі бола отырып, қала Алматы облысының қала маңы аудандарымен тығыз байланыста дамитын болады. Қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті әлеуметтік, инженерлік және жол-көлік инфрақұрылымын, сондай-ақ қала маңы аймағында сапалы жұмыс орындарын құруға елеулі назар аудару қажет.

Дамудың көп орталықтық моделі қаланың «жоғарғы» және «төменгі» бөлігінің, орталығы мен шеттері арасындағы алаштықты жоюға мүмкіндік береді.

Бұл ретте қала құрылысы транзиттік-бағдарланған даму, қалалық аумақтарды регенерациялау, құрылысты оңтайландыру және тығыздау қағидаларында жүргізілетін болады.

Қала дамуының тұрақтылығы қолда бар активтерді тиімді басқару, сондай-ақ қала тұрғындарының шешімдер қабылдау процесіне және қоғамдық консенсуска тартылуының жоғары деңгейі есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Қалалық жоспарлау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету

Аумақтарды жоспарлау кезінде қала нысандарының орналасуы оларға бару мерзімділігіне қарай ескерілетін болады. Әлеуметтік нысандар мен бірінші кезекте қажетті нысандар бір қаламдық қолжетімділікпен орналасады.

Сауда орталықтары немесе кинотеатрлар сияқты екінші және сирек баратын нысандарға қоғамдық көлікпен қатынау қолжетімді болады.

